



ПРИКАЗ

город Астана

БҰЙРЫҚ

28.08.2015 № 320-Ш

Астана қаласы

**«Қазақ Суарнажоба» акционерлік
қоғамының 2014 жыл
үшін жылдық қаржылық
есептілігін бекіту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2- тармағының 3) тармақшасына және «Қазақ Суарнажоба» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам немесе «Қазақ Суарнажоба» АҚ) Жарғысының 10 - бабы 36 - тармағының 9) тармақшасына және Қоғамның Директорлар Кеңесінің сырттай отырысы қорытындысының 2015 жылғы 27 шілдедегі № 7 хаттамасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тәуелсіз аудитор «Russel Bedford BC Partners» халықаралық аудиторлық компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі растаған, қоса беріліп отырған Қоғамның (050062, Алматы қаласы, Жұбанов көшесі 3-А, БСН 080640021018, ЖСК KZ448210339895909882, «Bank RBK» акционерлік қоғамы, БСК: KINCKZKA) 2014 жыл үшін жылдық қаржылық (шоғырландырылған және жеке) есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның 2014 жыл үшін жай акциялары бойынша дивидендтер теріс қаржылық нәтиже болғандықтан төленбесін.

3. Қоғамның Басқарма төрағасы (І.А. Қазиев) заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде бұқаралық ақпарат құралдарында Қоғамның 2014 жыл үшін шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

М. Жайымбетов

002232